АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 3 тамыз

ПРИКАЗ

№ 105-н/к

Мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау туралы

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарын сақтау мақсатында Астана қаласындағы білім беру ұйымдарында оқушылар үшін бірыңғай қою көк түсті формасы енгізілген *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына, 2025 жылғы 19 мамырдағы енгізілген өзгерістер мен қосымшаға сәйкес),* Астана қаласы Білім басқармасының хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мектеп үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекітілсін:

- мектеп формасының түсі – қою көк;
- форманың үлгісі классикалық стильде сақталады;
- ата-аналар мектеп формасының ұсынылған үлгісі бойынша кез-келген сауда орындарынан мектеп формасын сатып алуды өздері таңдайды.

2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Г.М.Омашеваға, А.Е.Сулейменоваға мектеп формасының талаптары бойынша тапсырма:

1) Мектепке қабылданған оқушылардың ата-аналар міндетті түрде мектеп Жарғысы мен мектептің Ішкі тәртіп ережелерінің талаптарымен таныстырылып, танысқандығы туралы келісім шартта қол қойғызып алу керек;

2) Мектеп формасының талаптары туралы ақпараттандыру жұмысы ү.ж. 1 тамызынан басталуы керек;

3) Мектеп сайтына, ата-аналар чатына *(ЖИ көмегімен, мектептің белсенді оқушыларының қатысуымен бейне сюжет түсіріліп)* таратылуы керек;

4) Мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтамайтын оқушылар бар болған жағдайда, тиісті ақпаратты Білім басқармасына жолдау қажет. Егер мектебіңізде мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтамайтын оқушылар болмаса, онда мектеп директорының қолы мен мөрі қойылған анықтаманы ұсыну керек *(мерзімі бір күн ішінде)*;

5) Мектептің кіреберісінде көрінетін жерде мектеп формасының талаптары, мектеп Жарғысы мен мектептің Ішкі тәртіп ережесі туралы ақпарат ұйымдастырылуы керек;

Жоғарыда аталған тапсырмалардың орындалу мерзімі ү.ж. 01.08 – 30.08 аралығында ақпараттандырылуы керек.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**